

Хаттама № 2
«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы
II - тоқсандық іс-шаралар жиналысы

Түркістан.қ
сағ: 11:00

«28» мамыр 2024ж

Мекеменің толық атауы: «TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

Серіктестіктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Басқармалар үйі, 4 қабат.

Төрағалық етті: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС Басқарма Төрағасы Б.Х. Кенжебаев.

Қатысты: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС барлық қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы);

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жалпы алғанда, қол жеткізілген нәтижелер:

- Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда.

- ҚР Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды.

Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары:

- «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» Заңмен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді.
- Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қолданылуда, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды.
- Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.
- Аталған адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшейтілді.
- Мемлекеттік лауазымға кандидаттар мемлекеттік ұйымда жұмыс істейтін туыстары туралы хабардар етуге міндетті.
- «Ашық үкімет» электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: «Ашық бюджеттер», «Ашық деректер», «Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау», «Ашық диалог».
- «Е-өтініш» арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолданымдарымен жұмысты қайта іске қосу жүзеге асырылды.
- Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау енгізілді.

1. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы.

2. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы № 723 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 341 Жарлығы.

Аталмыш тақырыптар негізінде Серіктестікте заңдар толық талқыланып, қызметкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, онымен күрес жүргізу әрбір азаматтың борышы екендігі айтылды.

Басқарма Төрағасы

Хатшы



Б. Кенжебаев

А. Копбаева